

ISSN 2518-1467 (Online),  
ISSN 1991-3494 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің

# Х А Б А Р Ш Ы С Ы

---

---

## ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ  
НАУК РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН  
Қазақстан Республикасының  
педагогикалық университетінің  
Абая

## THE BULLETIN

THE NATIONAL ACADEMY OF  
SCIENCES OF THE REPUBLIC OF  
KAZAKHSTAN  
Abai Kazakh National Pedagogical  
University

PUBLISHED SINCE 1944

# 5 (399)

SEPTEMBER – OCTOBER 2022

---

---

ALMATY, NAS RK

## **БАС РЕДАКТОР:**

**ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт Қансейітұлы**, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан)

## **БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ:**

**БИЛЯЛОВ Дархан Нұрланұлы**, PhD, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 2**

## **ҒАЛЫМ ХАТШЫ:**

**ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогикалық білімді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 2**

## **РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

**САТЫБАЛДЫ Әзімхан Әбілқайырұлы**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Экономика институтының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 5**

**САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан), **Н = 4**

**ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Киево-Могилян академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина), **Н = 2**

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, К. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және менеджмент университетінің кәсіптік білім берудің педагогикасы және психологиясы кафедрасының меңгерушісі (Мәскеу, Ресей), **Н = 4**

**СЕМБИЕВА Ләззат Мықтыбекқызы**, экономика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 3**

**АБИЛЬДИНА Салтанат Қуатқызы**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды, Қазақстан), **Н = 3**

**БУЛАТБАЕВА Күлжанат Нурымжанқызы**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 2**

**РЫЖАКОВ Михаил Викторович**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, «Білім берудегі стандарттар және мониторинг» журналының бас редакторы (Мәскеу, Ресей), **Н = 2**

**ЕСІМЖАНОВА Сайра Рафихевна**, экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық бизнес университетінің профессоры, (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print).**

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.). Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген

**№ 16895-Ж** мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2022  
Типографияның мекен-жайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Мұратбаев көш., 75.

## ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

**ТУЙМЕБАЕВ Жансеит Кансеитович**, доктор филологических наук, профессор, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

## ЗАМЕСТИТЕЛЬ ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА:

**БИЛЯЛОВ Дархан Нурланович**, PhD, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального педагогического университета им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 2**

## УЧЕНЫЙ СЕКРЕТАРЬ:

**АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна**, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, директор Центра развития педагогического образования КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 2**

## РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

**САТЫБАЛДИН Азимхан Абылкаирович**, доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК, директор института Экономики (Алматы, Казахстан), **Н = 5**

**САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович**, доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан), **Н = 4**

**ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна**, доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина), **Н = 2**

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич**, доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики и психологии профессионального образования Московского государственного университета технологий и управления имени К. Разумовского (Москва, Россия), **Н = 4**

**СЕМБИЕВА Лязгат Мыктыбековна**, доктор экономических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

**АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна**, доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики Карагандинского университета имени Е.А.Букетова (Караганда, Казахстан), **Н=3**

**БУЛАТБАЕВА Кулжанат Нурымжановна**, доктор педагогических наук, профессор, главный научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

**РЫЖАКОВ Михаил Викторович**, доктор педагогических наук, профессор, академик Российской академии образования, главный редактор журнала «Стандарты и мониторинг в образовании» (Москва, Россия), **Н=2**

**ЕСИМЖАНОВА Сайра Рафихевна**, доктор экономических наук, профессор Университета международного бизнеса (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

**«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print).**

Собственник: ООО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).  
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № **16895-Ж**, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 300 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2022

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75.

#### **EDITOR IN CHIEF:**

**TUIMEBAYEV Zhansait Kanseitovich**, Doctor of Philology, Professor, Honorary Member of NAS RK, Rector of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan).

#### **DEPUTY CHIEF DIRECTOR:**

**BILYALOV Darkhan Nurlanovich**, Ph.D, Honorary Member of NAS RK, Rector of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 2**

#### **SCIENTIFIC SECRETARY:**

**ABYLKASSYMOVA Alma Esimbekovna**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Executive Secretary of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 2**

#### **EDITORIAL BOARD:**

**SATYBALDIN Azimkhan Abilkairovich**, Doctor of Economics, Professor, Academician of NAS RK, Director of the Institute of Economics (Almaty, Kazakhstan), **H = 5**

**SAPARBAYEV Abdizhapar Dzhumanovich**, Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology (Almaty, Kazakhstan) **H = 4**

**LUKYANENKO Irina Grigor'evna**, Doctor of Economics, Professor, Head of the Department of the National University "Kyiv-Mohyla Academy" (Kiev, Ukraine) **H = 2**

**SHISHOV Sergey Evgen'evich**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology of Professional Education of the Moscow State University of Technology and Management named after K. Razumovsky (Moscow, Russia), **H = 4**

**SEMBIEVA Lyazzat Maktybekova**, Doctor of Economic Science, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 3**

**ABILDINA Saltanat Kuatovna**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy of Buketov Karaganda University (Karaganda, Kazakhstan), **H = 3**

**BULATBAYEVA Kulzhanat Nurymzhanova**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Chief Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarın (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 2**

**RYZHAKOV Mikhail Viktorovich**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, academician of the Russian Academy of Education, Editor-in-chief of the journal «Standards and monitoring in education» (Moscow, Russia), **H = 2**

**YESSIMZHANOVA Saira Rafikhevna**, Doctor of Economics, Professor at the University of International Business (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**.

#### **Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print).**

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications

of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж**, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2022

Address of printing house: ST «Aruna», 75, Muratbayev str, Almaty.

**G. Shukenai\***, **A. Abyzova**, **G. Tlegenova**

Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan.

E-mail: [chukenaeva@mail.ru](mailto:chukenaeva@mail.ru)

### LINGUOECOLOGY OF TEACHER'S SPEECH

**Abstract.** The article analyzes the linguoecology of the teacher's speech in modern education. Language is the teacher's main weapon. It is very important to have a healthy language environment in the relationship "teacher - learner", as a result of which the physical and mental health of students is preserved. To do this, each teacher must have linguo-ecological competence. The article provides explanations of the basic concepts such as linguo-ecological competence, non-ecological communication, linguistic aggression.

The scientific conclusions concerning the relationship between the teacher and the student are analyzed, the value principles that determine the discursive activity of the teacher are determined, which are described individually.

An important role in relation to "Teacher and student" is played by evaluative vocabulary. Correctly used evaluative words in work with students leads to the effectiveness of training, and incorrectly to a violation of the psychological climate. Therefore, according to the results of the survey among students, an analysis of the evaluative words used by teachers was carried out.

Examples of the manifestation of linguistic aggression in the relationship "teacher - student" are given, its consequences are considered. In addition, measures are proposed to prevent disagreements and linguistic aggression in the "teacher-student" relationship. In particular, the use of evaluative words in accordance with the situation, the frequent use of motivating words, paying attention to the tone of voice; accounting for gestures; a ban on comparing students with other students and on the use of rude words. When communicating, the teacher must maintain a healthy language environment, not violate the moral feelings of the participants, not violate social, moral and ethical principles. As a result, favorable conditions for learning are created, the effectiveness of education increases, which contributes to the spiritual, intellectual, and creative development of students.

The article was written within the framework of the project AP08053050 - "Formation of a linguoecological model of education in the Republic of Kazakhstan: theory and practice".

**Key words:** language environment, language ecology, linguoecological competence, language aggression, pedagogical relations, evaluative words.

**Г.Т. Шүкенай\*, А.М. Абызова, Г.А. Тлегенова**

I. Жансүгіров атындағы Жетісу Университеті, Талдықорған, Қазақстан.

E-mail: chukenaeva@mail.ru

## **ПЕДАГОГ ТІЛІНІҢ ЛИНГВОЭКОЛОГИЯСЫ**

**Аннотация.** Мақалада қазіргі білім берудегі педагог тілінің лингвоэкологиясы талданған. Тіл – ұстаздың негізгі қаруы. «Педагог – білімгер» қарым-қатынысында тілдік ортаның саламатты болуы, нәтижесінде білімгерлердің физикалық, психикалық саулығының сақталуы аса маңызды. Ол үшін әр педагог лингвоэкологиялық құзыреттілікке ие болуы тиіс. Мақалада лингвоэкологиялық құзыреттілік, саламатты емес қатысым, тілдік агрессия сынды негізгі ұғымдарға түсінік берілді. Педагог пен білімгер қарым-қатынасына қатысты ғылыми тұжырымдар талданып, педагогтың дискурсивті қызметін анықтайтын құндылықтық қағидалар анықталды, олар жеке-жеке сипатталды.

«Педагог пен білімгер» қатынасында бағалауыштар маңызды қызмет атқарады. Білімгерлермен жұмыс барысында орынды қолданылған бағалауыш білім берудегі тиімділікке, ал орынсыз қолданылған бағалауыш психологиялық ахуалды бұзуға алып келеді. Сондықтан білімгерлер арасында жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша педагогтар қолданатын бағалауыш сөздерге талдау жасалды.

«Педагог - білімгер» қатынасындағы тілдік агрессия көрінісіне мысалдар келтіріліп, оның тигізетін зардаптары қарастырылды. Сонымен қатар, «педагог – білімгер» арақатынасындағы келіспеушілік пен тілдік агрессияның алдын алудың шаралары ұсынылды. Атап айтқанда, бағалауыш сөздерді жағдаятқа сәйкес талғап қолдану, ынталандыратын сөздерді жиі пайдалану, дауыс ырғағына мән беру; ым-ишара әрекеттерін ескеру; оқушыны басқа балалармен салыстырмау; дөрекі сөз қолданбау. Педагог тілдік қатысымда тілдік ортаның саламаттығын сақтап, оған қатысушылардың адамгершілік сезімін таптамауға, қоғамдық, моральдық-этикалық қағидаларын бұзбауға тиіс. Нәтижесінде білім беруде жағымды жағдай орнайды, білім беру тиімділігі де артады, білімгерлердің рухани-интеллектуалды, шығармашылық тұрғыда дамуына да ықпал етеді.

Мақала АР08053050 – «Қазақстан Республикасында лингвоэкологиялық білім беру моделін қалыптастыру: теориясы мен тәжірибесі» атты жоба аясында жазылды.

**Түйін сөздер:** тілдік орта, тіл экологиясы, лингвоэкологиялық құзыреттілік, тілдік агрессия, педагогикалық қарым-қатынас, бағалауыш сөздер.

Г.Т. Шүкенай\*, А.М. Абызова, Г.А. Тлегенова

Преподаватель-лектор Жетысуского университета имени И. Жансугурова,  
Талдыкорган, Казахстан.  
E-mail: chukenaeva@mail.ru

## ЛИНГВОЭКОЛОГИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ РЕЧИ

**Аннотация.** В статье проанализирована лингвоэкология речи педагога в современном образовании. Язык – главное оружие учителя. Очень важно наличие здоровой языковой среды в отношениях «педагог - обучающийся», в результате чего сохраняется физическое и психическое здоровье обучающихся. Для этого каждый педагог должен обладать лингвоэкологической компетенцией. В статье даны разъяснения основных понятий как лингвоэкологическая компетентность, неэкологичная коммуникация, языковая агрессия.

Проанализированы научные выводы, касающиеся взаимоотношений педагога и обучающегося, определены ценностные принципы, определяющие дискурсивную деятельность педагога, которые описаны индивидуально.

Важную роль в отношении «Педагог и студент» выполняет оценочная лексика. Правильно примененные в работе с обучающимися оценочные слова приводят к эффективности обучения, а неправильно примененные – к нарушению психологического климата. Поэтому по результатам анкетирования среди обучающихся был проведен анализ оценочных слов, используемых педагогами.

Приведены примеры проявления языковой агрессии в отношениях «педагог - студент», рассмотрены ее последствия. Кроме того, предложены меры по предотвращению разногласий и языковой агрессии в отношениях «педагог-студент». В частности, использование оценочных слов в соответствии с ситуацией, частое использование мотивирующих слов, обращение внимания на тон голоса; учет жестикюляции; запрет на сравнение обучающихся с другими студентами и на использование грубых слов. При общении преподаватель должен сохранять здоровую языковую среду, не попирает нравственные чувства участников, не нарушать социальные, морально-этические принципы. В результате создаются благоприятные условия в обучении, повышается эффективность образования, что способствует духовно-интеллектуальному, творческому развитию обучающихся.

Статья написана в рамках проекта AP08053050 – «Формирование лингвоэкологической модели образования в Республике Казахстан: теория и практика».

**Ключевые слова:** языковая среда, экология языка, лингвоэкологическая компетенция, языковая агрессия, педагогические отношения, оценочные слова.

**Кіріспе.** Қазіргі таңда тілдің жаңа қызметі лингвистер тарапынан кеңінен зерттелуде. Соның жаңа бір бағыты – тілдің экологиялық қызметі. Біз бұрын

қалай сөйлеу керектігі туралы мәселелерді қарастырсақ, енді не туралы айту керектігіне назар аударамыз. Экопсихология егер сіз бір әрекет жасауды жоспарласаңыз, алдымен «оның сізге және қоғамның басқа да мүшелеріне зиянды әсері бола ма?» дегенді салмақтап алуға кеңес береді. Адамдар арасында жүзеге асатын қатысым да сол сияқты, «айтылатын сөз басқа адамдардың ішкі әлемінің тыныштығын бұзбай ма?» деген сұрақтан өрбуі тиіс. Себебі «сөз мәдениетінің экологиялық аспектісінде адамгершілік, ізгілік элементтері қоса жүреді. Тілдік қарым-қатынас, коммуникацияда тілдесушілердің адамгершілік сезімі тапталмауға, қоғамдық, моральдық-этикалық принциптер бұзылмауға тиіс» (Уәли, 2009:5).

Тіл экологиясы – лингвистика мен экологияның тоғысында қалыптасқан жаңа бағыт. «Тіл экологиясы» (ecology of language) термині алғаш рет Э.Хаугеннің 1970 жылы жасаған баяндамасында, одан соң «The ecology of language» (Тіл экологиясы) атты ғылыми еңбегінде (1972 жылы) қолданылып, кейін зерттеудің жаңа бағытының қалыптасуына негіз болды. Тіл экологиясы ұлттық тілдің жағдайын бағамдайды, басымдыққа ие үрдістерді талдайды, «экологиялық қауіп» жайлы ескертіп, тілді сақтаудың жолдарын айқындайды. Оның мақсаты – тілді қорғау, тілдік орта саламаттылығын, сөз тазалығын сақтау, тазалау; тілдің қоғамдық болмысына әсер ететін факторларды анықтау; лингвистикалық нигилизммен, тіл басқыншылығымен күрес жүргізу; тілдік тұлғаны, оның түрлерін сипаттау және т.б.

Лингвоэкология – тіл білімінің тілді сақтау мен қорғау мәселесін зерттейтін, тілдің дамуы мен қолданылуына кері ықпалын тигізетін факторларды анықтайтын, тіл мәдениеті мен тілдік қатысым тәжірибесін жетілдірудің тәсілдерін енгізетін, сөз энергетикасын, оның жасампаздық күшін, қатысым мүшелеріне әсерін қарастыратын бағыты.

**Зерттеу материалы мен әдістері.** Зерттеу материалы – тілдік орта, педагог пен білімгер қарым-қатынасы, білім беру үдерісіндегі коммуникация. Педагогикалық қарым-қатынас бұл – педагог пен білімгердің педагогикалық үдерістің барлық компоненттері жүйесінде бір-біріне ықпал етуі, нәтижесінде жаңа білім мен тәжірибе игеруі. Педагогикалық қарым-қатынас педагог пен білімгердің бірлескен шығармашылық қызметі қағидаларына, олардың өзара ықпалдастығына негізделетін қатысым арқылы жүзеге асады. Білімгерлермен қарым-қатынас барысында қиын теориялық мәселелер қозғалып, өз шешімін тауып жатады, ғылыми материал талданады, әр ғылыми мектептің пікірлері, көзқарастары салыстырылады, талас тудыратын жағдайлар анықталып, дәлелденеді. Мұндай жағдайда педагогикалық қарым-қатынас оқытушыға ғылыми ақпаратты бір жүйеге салуға, негізгі мәселені анықтауға, дәлелдеу барысында өзіндік позициясын білдіруге мүмкіндік береді, ал білімгерлердің ұсынылған нақты материалды сыни тұрғыда қабылдауға, оны бағалауға, ең негізгілерін саралай білуіне көмектеседі. Мұнда қатысым мазмұнын педагогтың әр алуан құралдар көмегімен ұсынатын ақпараты құрайды.

Зерттеу жұмысында талдау, саралау, бақылау, жалпылау әдістері, коммуникативті әдіс, когнитивті талдау, эксперимент, жүйелеу әдістері қолданылды.



**Талқылау.** Педагогикалық қарым-қатынас әлеуметтік-психологиялық үдеріс ретінде тұлғаны тану, ақпарат алмасу, іс-әрекетті ұйымдастыру, рөлдермен алмасу, өзін-өзі дамыту, ықпал ету, әрекетке ынталандыру, шиеленістерді шешу, болашақ маман тұлғасын қалыптастыру арқылы сипатталады. Педагогикалық қарым-қатынасты ғалымдар бірнеше негіздер мен сипаттарына қарай жіктейді. Мәселен, атақты психолог В.А.Кан-Калик педагогикалық қарым-қатынастың мынадай стильдерін көрсетеді: бірлескен шығармашылық іс-әрекетке негізделген қарым-қатынас стилі; достық қарым-қатынасқа негізделген қарым-қатынас стилі; дистанция стилі; қорқыту стилі (Жүсіпова, 2011:12).

Ж. Омаров педагог пен білімгер арасындағы педагогикалық қарым-қатынастың екі түрін көрсетеді:

- әлеуметтік-бағдарлы қарым-қатынас барысында әлеуметтік маңызы бар міндеттер шешіліп, әлеуметтік өзара әрекеттестік пен қоғамдық қатынастар жүзеге асырылады.

- жеке-бағдарлы қарым-қатынас – белгілі бір бірлескен әрекеттерге бағытталған іскерлік қарым-қатынас (Омаров, 2010: 24).

Білім беру үдерісі құрылымының дидактикалық-мазмұндық және коммуникативті-білім беруші біртұтас жүйеден тұратыны белгілі. Аталған екі жүйе бір-бірімен тығыз байланысты. Себебі көп жағдайда қатысым дидактикалық компоненттердің тиімді жүзеге асуын анықтайды. Оқытушы қызметінің негізі қыры – сөзді жетесіне жеткізе білу, басқаша айтқанда коммуникативтік құзыретті болу. Ол турасында В.А. Сухомлинский: «Сөз – ең маңызды педагогикалық құрал, оны еш нәрсемен ауыстыра алмайсың» десе, Ы. Алтынсарин: «Мұғалім балалармен істес болады: егер олар бір нәрсені түсінбесе, онда мұғалім шәкірттерді кінәламай, оларға дұрыс түсіндіре алмағаны үшін өзін-өзі кінәлауы керек. Мұғалім балалармен сөйлескенде ашуланбай, күйгелектенбей, сабырлылықпен сөйлеп, шұбалаңқы сөздер мен керексіз терминдерді қолданбастан, қарапайым тілмен түсіндіру керек» деп атап өткен.

Ал А.Н. Шукин коммуникативтік құзіреттілікті әдістемелік тұрғыдан төмендегідей негізгі қосалқы құзіреттіліктерге бөлуді ұсынады:

- лингвистикалық құзіреттілік – грамматикалық ережелер, сөздік қордағы бірліктер және фонология жайлы жүйелі білім, лексикалық бірліктерді санада сараланған пікірге айналдыру;

- әлеуметтік құзіреттілік – қатысымның мақсаты мен жағдаятына, қатысым мүшелерінің (қатысымдағы серіктесінің) әлеуметтік рөліне қарай дұрыс тілдік формалар мен құралдарды таңдау, пайдалана білу қабілеті;

- әлеуметтік - мәдени құзіреттілік – тілді тасымалдаушының мәдени ерекшеліктерін, дәстүрін, әдеп нормаларын және этикетін білу және оларды түсіну, қатысым үдерісі кезінде дұрыс пайдалану дағдысы;

- стратегиялық құзіреттілік – қатысым барысында жағдаятқа сәйкес стратегия мен қатысым тактикасын таңдап, соған сай тілдік бірліктерді

пайдалану, сөйлеу-ойлау үрдістерін нақты сөйлеу жағдайына бейімдеу дағдысы;

- дискурстық құзиреттілік – оқылым және тыңдалым арқылы әртүрлі мәтіндерді түсіну негізінде ауызша және жазбаша тілде әр функционалдық стильде біртұтас, өзара байланысты және логикаға сай ой-пікірін білдіре алу қабілеті (Шукин, 2004: 122).

XXI ғасырда білім беру эволюциясының жаңа сатысы – ноосфералық білім беру кезеңі басталды. Оның басты мақсаты – қазіргі дәуірдегі ең үздік әлемдік және отандық психология-педагогикалық тәжірибені ықпалдастыру және XXI ғасырдың сын-тегеуріндеріне қарсы тұра алатын білім беру жүйесін жасау. Ол жас ұрпақтың тәрбиесі мен дайындығының әлемнің жалпыға ортақ заңдылықтарына сәйкес болуын, білім нәтижесінің әлемдік табиғи ортаны сақтауға бағытталуын, білімгерлердің физикалық, психикалық саулығын сақтауды көздейді. Ол үшін әр педагогтың лингвоэкологиялық құзыреттілігі қалыптасуы қажет.

Лингвоэкологиялық құзыреттілік дегеніміз – әдеби тілдің ауызша, жазбаша түрлеріне тән нормаларды жақсы меңгеру, сөздің қатысымдық сапасына байланысты ортологиялық, этологиялық нормаларды сақтай білу, жеке тұлғаның тілдік санасын қалыптастыратын факторлардың орны мен маңызын анықтай алу, пікірталас мәдениетін, сөз мәдениетін көтеру жолдарын белгілей алу, қазақ тілінің өмір сүру ортасына, қызметіне бөгет болатын нигилистік көзқарастармен күресуге қабілетті болу, тілдік тұлға санасында ана тіліне деген құрметті ояту жолдарын ұсына алу, экологиялық ұстанымына негізделген қатысым құру. Ал педагогтың лингвоэкологиялық құзыреттілігі қалыптаспаса, «педагог – білімгер» арасында саламатты емес қатысым орын алады. Саламатты емес қатысым – мазмұны моральдық-этикалық нормаларға қайшы, жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесін жоққа шығаруға бағытталған, адамның психо-эмоционалды күйіне жағымсыз әсер ететін, тілдік нормалар сақталмаған, уәжсіз қолданыстар орын алған қатысым.

Оқу пәнінің мазмұнын білімгер толық игеру үшін оқытудың педагогикалық мақсат-міндеттермен қатар коммуникативтік міндетті де шешу керек. Өкінішке орай, оқытушылар арасында қарым-қатынастың коммуникативтік, интерактивті, әлеуметтік-перцептивті қызметін назардан тыс қалдырып, тек ақпараттық міндетіне көңіл бөлуі орын алып жатады. Қарым-қатынастың коммуникативті міндеті – ақпарат алмасу; интерактивті міндеті – қарым-қатынасқа түсетін тұлғалардың белсенді өзара әрекетін ұйымдастыру; әлеуметтік-перцептивті міндеті – қарым-қатынасқа түсушілердің бірін-бірі қабылдауы, сол арқылы өзара түсіністік орнатуы болып табылады. Педагогикалық қарым-қатынас толерантты, әдепті түрде, студенттің психоэмоционалды жағдайына зиян тигізбейтіндей болып құрылғанда ғана экологиялық болмақ. Екі тарап әрқашан «құлақтан кірген суық сөздің көңілге барып мұз боларын» естен шығармауға тиіс. Оқыту үдерісін нәтижелі жүзеге асыру үшін оқытушы да, білімгер де өз ойын жеткізуде сөз таңдай білуі керек. Қазақ қашан да ойын оралымды,

мәнерлі де қисынды сөзбен, екінші тараптың психоэмоционалды жайын бағдарлап, «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиер» етіп жеткізе білген. Ел аузында тараған мына аңыз соның куәсі.

Бұрындары бір патша түс көріпті. Түсінде аузындағы барлық тістері сынып, опырылып түскен екен дейді. Ұйқысынан шошып оянып бірден түс жорушыны шақыртып, болған жайды баяндайды. Ол сәл ойланып тұрып: «Жоғары мәртебелім! Түсіңіз жаман жайтты меңзеп тұр. Жанұяңыздың барлық мүшесі сіздің алдыңызда опат болады екен», - дейді. Бұл сөзді естіп патшаның түрі бұзылып кетеді. Түс жорушыны зынданға қаматтырады. Одан кейінгі келген түс жорушы да алдыңғысының айтқанын қайталап, зындан түбінен орын тебеді. Сарайға үшінші кісі кіреді. Патша көрген түсін баяндағанда ол: «Бәрекелді, патшам! Құттықтаймын! Сіз жанұяңыздың ішінде ғұмыр жасы ең ұзақ адам болады екенсіз», - дейді. Патша қатты қуанып түс жорушыға мол сый-сияпат беріп қайтарған екен. Қызық! Бәрінен ұзақ өмір сүрсе жанұясының барлығы одан бұрын дүниеден өтеді емес пе?! Осылайша, түс жорушы сөзді тауып айтып тығырықтан жол табады.

Ал бүгінде оқытушыларымыз бен білімгерлеріміз сөз мәдениетінің экологиялық аспектісінде ата-бабадан қалған осы қағидаларды қалай сақтап жүр? «Сөз саптауы тілдік ортаға үлгі болатын, сөз өнеріне машықтанған жазушы, мәдениет, өнер қайраткерлері, ғалымдар, жоғары мектеп оқытушылары мен мектеп мұғалімдері, журналист т.б. қалам ұстап, шаршы топта сөйлейтін сөз шеберлерінен жұртшылық парасатты, мәдениетті, мазмұнды сөз естігісі келеді. Алайда шаршы топтағы, баспасөз беттеріндегі пікірталас мәдениеті, сөз мәдениеті ойдағыдай деңгейде болмай, төмендеп барады» (Уәли, 2009:5). Жоғарыда аталған мәселелерді ескере келе, педагог тілінің лингвоэкологиясына талдау жасап көрдік.

Педагог пен білімгер қарым-қатынасын талдау нәтижесінде педагогтың дискурсивті қызметін анықтайтын негізгі құндылықтық қағидаларын көрсетуге болады. Олар: білімгерге деген құрмет, шынайылық, гуманизм қағидалары.

Бірінші қағида білімгердің өмірлік ұстанымы мен жеке ерекшеліктеріне деген құндылықты қатынасты қалыптастыруда байқалады. «Оқытушы мен студент арасындағы тұлғааралық қарым-қатынастың негізгі моральдық нормалары бар, олар – өзінің тыңдаушыларының әрқайсысының қадір-қасиетін құрметтеу, ішкі дүниесіне ықыласпен және сеніммен қарым-қатынас жасау, қайырымдылық пен мейірбандық таныту» (Омаров, 2010:24). Аталған қағиданың вербалдануының бір тәсілі – білімгерге бағытталған әділ бағалауыштық пікірлердің білдірілуі. Оқытушы мен білімгердің өзіндік пікірлері үнемі бір арнаға тоғыса бермейді. Мұндай жағдайдың шиеленісуі не тілдесушілердің ымыраға келуі олардың сөз саптауына, яғни коммуникативтік құзыреттілікке тікелей байланысты. Құрмет қағидасы білімгерге деген қамқорлық арқылы да білдіріледі.

Шынайылық қағидасы оқытушының білімгерге өзі жүргізетін пәні бойынша, қоғамдық-саяси оқиғалар, әлеуметтік мәселелер, кәсіби қызметте кездесетін қиындықтар жайлы объективті ақпарат беруі кезінде байқалады. Сөздің

көркемдігі мен құндылығы – шындығында. Бұл қағида Б. Момышұлының «Өтіріктің балын жалап тірі жүргенше, шындықтың уын ішіп өлген артық» деген ойын қарым-қатынаста білімгердің санасына сіңдіруді мақсат тұтады. Мәселенің екінші жағы шындықты жеткізудің экологиялылығына байланысты. Өйткені шындық айтқанға оңай, бірақ арқалар жүгі ауыр келеді. Сондықтан ұсынылатын ақпарат студент үшін пайдасы тұрғысынан іріктелуге тиіс. Ол педагогикалық қарым-қатынастың экологиялығының артуына не кемуіне ықпал ете алады.

Адамгершілік (гуманизм) қағидасы білімгердің білім алуына оңтайлы жағдай жасау, оның психо-эмоционалды жағдайын жақсарту арқылы сипатталады. Ол екі түрде: жақсы ойлауға дағдыландыру және қатысымдағы серіктестің жеке ерекшеліктерін ескеру арқылы жүзеге асады. Жақсы ойлауға дағдыландыру ең алдымен мотивация, істің нәтижелі болатынына сендіруден басталады. Үйрену үдерісінде өз жұмысы мен әрекеттерінің сәтті шығуына ниеттелмеген шәкіртте өмірінің басқа мезеттерінде өз ісінің одағыдай аяқталуына сенімі болмайды. Сондықтан қарым-қатынас барысында үнемі білімгерді жігерлендіретін құрылымдарды пайдалану да тиімді. Қазір оқытушы басым болатын, білімгер тек оқытушының айтқанын ғана орындайтын субъект-объектілі коммуникацияның орнын тілдесушілердің серіктестігіне негізделген субъект-субъектілі қатынас алмастырды. Білімгер субъекті болу үшін өзін-өзі тану, өзін-өзі көрсету, өз-өзіне сену, өзін-өзі анықтау сияқты үдерістердің мәні мен маңызын ұғына білуге тиіс. Мұндай қарым-қатынаста әр білімгердің жеке ерекшелігі, мінез-құлқы ескеріледі.

Педагогикалық қарым-қатынастың саламаттығы ерекше тілдік құралдар арқылы жасалып, дамиды. Олардың кейбірі әмбебап болса, кейбірі аталған дискурсқа ғана тән. Педагогикалық қарым-қатынас стильдері мен негізгі құндылықтық қағидаларын ескере отырып, оқытушы мен білімгер арасында саламатты қарым-қатынас құру үшін қазіргі таңда кеңінен қолданылатын тәсілдерді анықтадық. Атап айтқанда, эмпатия білдіру тәсілі. Эмпатия – өзге адамдардың жан дүниесін түсіну мен жай-күйін ұғыну қабілеттілігі (Уикипедия, 2022). Ол білімгерді түсіну, білімгердің эмоционалды жағдайына және өзара сенімге негізделген қарым-қатынас орнату арқылы жүзеге асады.

Мақұлдау тәсілі оқыту барысында нұсқау берген кезеңде білімгер пікірін мақұлдау және өзара бағалау пікірлері арқылы білдіріледі. Мұндай пікірлер білімгердің эмоционалды өрісін коррекциялауда да маңызды құрал болып табылады.

Қызығушылық таныту тәсілі белсенді тыңдаушы бола білу арқылы жүзеге асырылады. Оған тән ерекшеліктер: білімгердің сөзін бөлмеу, кері байланыс сигналын көп қолданбау, пауза, білімгер репликасын қайталау. Білімгер репликасын сөзбе-сөз қайталау оған деген мұқият назар аударылғандығын көрсетеді. Сәйкесінше, әр білімгер пікір білдіруде абай болуға тырысады.

Коммуникативтік арақатынасты бақылау тәсілі екі қызмет атқарады: коммуникативтік арақатынасты жақындату және алыстату. Алғашқысы

бейресми қаратпа сөздерді, «біз» деген есімдікті қолдану, тең дәрежеде сөйлесу арқылы жүзеге асады. Бұл топта жағымды психологиялық ахуал тудырады. Ал екінші тәсіл бойынша қатысым ресми конструкцияларға құрылып, білімгерге таныс емес терминдер кеңінен қолданылады.

Әдеп сақтау тәсілі. Педагогикалық қарым-қатынастағы әдептілік ең алдымен тіл мәдениетінен байқалады. Бұл тәсіл бойынша қатысым ізеттілік, кішіпейілділік, мәдениеттілік, этикалық нормаларды сақтауға құрылады. Оған тән ерекшелік – тіліміздегі эвфемизмдерді мейілінше мол, орынды пайдалану. Оқытушы мен білімгер ұсынылған ақпаратты мағыналық жағынан трансформациялайды, яғни жағымсыздан жағдайдың, кез келген сәтсіздіктің немесе қателіктің позитивті тұстарын көрсете отырып өзгертеді. Сабақ барысында сәтті эзіл-қалжыңға, импровизацияға жол беру де тиімді. Оқытушы импровизациясы материалды жақсы меңгерген, жақсы психо-педагогикалық және әдістемелік дайындығы бар, білімгерлермен мұқият таныс, аудиторияда өзін еркін ұстай алатын жағдайда, педагогикалық жағдаяттарды болжау қабілетін игергенде жүзеге асуы мүмкін. Импровизацияға салынамын деп қателікке бой алдырудан аулақ болған абзал.

«Педагог пен білімгер» қатынасында бағалауыштар маңызды қызмет атқарады. Білімгерлермен жұмыс барысында орынды қолданылған бағалауыш білім берудегі тиімділікке, ал орынсыз қолданылған бағалауыш психологиялық ахуалды бұзуға алып келеді.

